

Мәслихаттың 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 195 "Лисаков қаласы Октябрь кентінің 2018-2020 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 290 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 желтоқсанда № 8169 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Лисаков қалалық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 195 "Лисаков қаласы Октябрь кентінің 2018-2020 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне (2018 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7470 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Лисаков қаласы Октябрь кентінің 2018-2020 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 52572,7 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 18382,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 112,0 мың теңге;

трансферттер түсімі бойынша – 34078,7 мың теңге;

2) шығындар – 52572,7 мың теңге;

3) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 теңге;

4) бюджет тапшылығы (профициті) – 0,0 теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0,0 теңге.";

көрсетілген шешімнің 2-2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2-2. 2018 жылға арналған Лисаков қаласы Октябрь кентінің бюджетінде аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

Октябрь кентінде жол белгілерін дайындауға 771,7 мың теңге сомасында;

автобус бағдарларының кестесімен тактайшаларды дайындауға 7,0 мың теңге сомасында.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2018 жылғы 4 желтоқсандағы
 № 290 шешіміне қосымша
 Мәслихаттың
 2017 жылғы 22 желтоқсандағы
 № 195 шешіміне 1-қосымша

Лисаков қаласы Октябрь кентінің 2018 жылға арналған бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		Атауы	
		Ішкі сыныбы		
			I. Кірістер	52572,7
1			Салықтық түсімдер	18382,0
1	01		Табыс салығы	3880,0
1	01	2	Жеке табыс салығы	3880,0
1	04		Меншікке салынатын салықтар	14502,0
1	04	1	Мүлікке салынатын салықтар	573,0
1	04	3	Жерсалығы	924,0
1	04	4	Көлік құралдарына салынатын салық	13005,0
2			Салықтық емес түсімдер	112,0
2	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	112,0
2	01	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	112,0
4			Трансферттердің түсімдері	34078,7
4	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	34078,7
4	02	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	34078,7

Функционалдык топ					Сомасы, мың теңге
	Кіші функция		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
			Бағдарлама		
				Атауы	
				II. Шығыстар	52572,7
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	16804,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	16804,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	16804,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16804,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	30294,4
	3			Елді-мекендерді көркейту	30294,4
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	30294,4
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4724,3
				Елді мекендердің	

			009	санитариясын қамтамасызету	1733,1
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	23837,0
12				Көлік және коммуникация	5474,3
	1			Автомобиль көлігі	5474,3
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5474,3
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	5474,3
				V. Бюджеттің тапшылығы (профицит)	(0,0
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	(0,0